

Қазақстан Республикасының
Жоғарғы сот төрағасы
Ж.Қ. Асановқа

Алматы облысы Іле аудандық сотының
төрағасы Е.Р.Садвақасовқа

Нотариалдық сенім хат
негізіндегі өкілден **Амандосұлы Б.**
Кәсіби заңгер

АЛҒЫС ХАТ

Мен, Бағдат Амандосұлы «Tarbagatai» заң кеңесшілер Палатасының мүшесі болып табыламын. Негізгі атқаратын қызметім қоғамда әлеуметтік жағдайы төмен және мұқтаж адамдардың заңды мүдделеріне қатысты құқықтық кеңес берумен айналысамын. Осы мақсатта 31 арнада тікелей эфир арқылы жұмыс күндері өтетін «Кел татуласайық» жобасы аясындағы кейіпкерлер тарапына тегін құқықтық көмек беріп келемін.


Сол кейіпкерлердің бірі ретінде менің сенім білдірушім Дощанова Айзада Айтбаевнаның мүддесін заң аясында қорғау мақсатында жұбайынан кәмелетке толмаған ортақ балаларын күтіп бағуға, олардың 18 жасқа толғанша барлық табысынан өзге де кірістерінің 1/2 мөлшерінде төленетін алименті бойынша қарызды анықтау туралы Қаулыны негізге ала отырып, «Алимент төлемдеріне тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы» талап арызбен Алматы облысы Іле аудандық сотына жүгінгенбіз.

Аталған соттың төрағалық етуші судьясы К.А.Абдрасилова, сот отырысының хатшысы Г.Т.Толековнаның қатысуымен ашық сот отырысында, жоғарыдағы көрсетілген талап арыз бойынша «WhatsApp» байланыс құралы арқылы №1968-21-00-2/1065 санымен тіркелген азаматтық ісін қарап, сенім білдірушімнің талаптарын толық көлемде қанағаттандырды.

Осы аталған тұлғалар, сот мәжілісі барысында өздерін кәсіби маман ретінде, тек қолданыстағы заңдардың нормаларын жан-жақты талдай отырып, өте сабырлы адам ретінде көрсете білді. Яғни, судья К.А.Абдрасилова өзінің қарапайымдылығы мен сөйлеу шешендігі, біліктілігі мен әділ шешімінерекше айтуға болады. Ал, хатшы Г.Т.Толековнаның адаммен сөлесу кезінде әдептілігі, сыпайылығы мен кішіпейілділігін ерекше атап өткім келеді. Бұл дегеніміз, құқықтық мәдениеттіліктің жоғарғы дәрежесін көрсетеді.

Жоғарыдағыларды негізге ала отырып, Алматы облысы Іле аудандық сотының судьясы К.А.Абдрасилова және хатшы Г.Т.Толековаға шексіз алғысымды білдіремін және осы тұлғаларды заң талаптарына сәйкес марапаттауды сұраймын.

Құрметпен,
Б.Амандосұлы



09.06.2021ж.